

Аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 18-2/501 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 шілдеде № 11551 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабының 1-тармағының 58) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

С. Омаров

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 29 мамырдағы
№ 18-2/501 бұйрығымен
бекітілген

Аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Аңшылық шаруашылығын жүргізу осы қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан

Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 58) тармақшасына сәйкес әзірленді және аңшылық шаруашылығын жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары мен (немесе) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының аңшылық шаруашылығын жүргізуі үшін облыстың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – атқарушы орган) аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы шешімі, атқарушы орган мен жануарлар дүниесін пайдаланушы арасында жасалатын аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт (бұдан әрі - шарт) негіз болып табылады.

Атқарушы органның аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы шешімі конкурстық комиссияның аңшылық алқаптарды бекітіп беру жөніндегі шешіміне негізделеді.

3. "Қазақстан Республикасы аумағында шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 ақпандағы № 25-03-01/63 бұйрығына сәйкес жүргізілген аңшылық алқаптарын шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру нәтижелері бойынша жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес аңшылық шаруашылықтарының санаттарын айқындайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.05.2021 № 140 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 17-03/362 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7851 тіркелген) (бұдан әрі - Бұйрық) сәйкес аңшылық шаруашылығы ұйымы шартта белгіленген мерзімде өзіне бекітіп берілген аңшылық алқаптарда шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

5. Шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыру материалдары бойынша әзірленген аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарын аңшылық шаруашылығы ұйымы бекітеді, осыдан кейін орындалуға жатады.

6. Шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыру ұзақтығы 10 (он) жыл тексеру кезеңіне немесе бұйрығына сәйкес шарттың жасалу мерзіміне әзірленеді.

Шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыру материалдары аңшылық шаруашылығының санатын өзгерту, шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге үшін негіз болып табылады.

6-1. Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт:

1) аңшылық шаруашылығын жүргізуден өз еркімен бас тартқан;

2) аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

3) аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қызметі тоқтатылған;

4) аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт талаптары жүйелі түрде бұзылған;

5) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнама талаптары жүйелі түрде бұзылған;

6) аңшылық алқаптарын бекітіп беру жүргізілген жер учаскелері 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгілі тәртіппен мемлекеттік мұқтаж үшін алып қойылған жағдайларда тоқтатылады.

Ескерту. 2-тарау 6-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жануарлар дүниесі объектілерінің мониторингі үшін санын есепке алуды, мәліметтерді жинауды ұйымдастыру

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жануарлар дүниесінің объектілерін есепке алудың негізгі мақсаты осы жануарлар таралымдарының жай-күйін бағалау және оларды қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды жоспарлау болып табылады.

8. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптардағы жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алуды аңшылық шаруашылығы ұйымдары "Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 25-03-01/82 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7492 тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

9. Аң аулау объектілеріне жатқызылған жануарлар түрлерінің санын есепке алу нәтижелері оңтайлы және нақты сандар көрсеткіштерінің арақатынасын ескере отырып, оларды алу лимиттері мен квоталарын анықтау үшін негіз болып табылады.

10. Аңшылық шаруашылығы ұйымдары жануарлар дүниесі объектілерінің өндірістік мониторингін жүзеге асырады, ол жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау, оны орнықты пайдалануды қамтамасыз ету үшін болып жатқан өзгерістерді анықтау және бағалау, жағымсыз процестер мен құбылыстардың алдын

алу және олардың зардаптарын жою мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің таралуын, санын, жай-күйін, таралымдарының құрылымын, мекендеу ортасының сапасы мен алаңын қадағалау жүйесін білдіреді.

3-тарау. Жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жануарлар дүниесін пайдаланушы бекітіп берген аңшылық алқаптардағы жануарлар дүниесі объектілерін қорғау:

1) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қағидаларды, нормалар мен нормативтерді сақтау қағидаттарына негізделеді;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды сақтау қағидаттарына негізделеді;

3) жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау;

4) жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген қағидаларын бұзуды болғызбау;

5) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын қорғауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету:

қорықшылық қызметті құру;

қорықшылық қызметті нысанды киіммен, қызметтік куәлікпен, қызметтік қарумен қамтамасыз ету;

биотехникалық іс-шаралар жүргізу;

мемлекеттік органдарға аңшылық жануарлар түрлерін қорғауды жүзеге асыруға көмек көрсету (жануарлар дүниесін қорғау бойынша бірлескен рейдтік іс-шаралар өткізу);

6) жануарлардың аңшылық түрлерін жасанды өсіру (Ескертпе: аңшылық пайдаланушының қаржылық жағдайына байланысты оның қалауы бойынша);

7) жануарлар ауырған жағдайда, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда оларға көмек көрсету;

жануарлар дүниесі объектілерін қорғау және орнықты пайдалану идеяларын насихаттау;

8) азаматтарды жануарлар дүниесіне ізгілікті және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу мақсаттарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.05.2021 № 140 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Аңшылық шаруашылықтарының қорықшылық қызметі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қорықшылық қызметтерді өз қаражат есебінен аңшылық шаруашылығы ұйымдары құрады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.05.2021 № 140 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Бекітіп берілген аңшылық шаруашылықтарында жануарлар дүниесінің өсімін молайту

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Бекітіп берілген аңшылық шаруашылықтарында жануарлар дүниесінің өсімін молайтуды аңшылық шаруашылығы ұйымы жүзеге асырады және жануарлар дүниесі объектілерінің санын көбейту мен оңтайлы мөлшерін сақтауға және оларды орнықты пайдалануға бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

14. Бекітіп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайту аңшылық алқаптардың өнімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады және:

- 1) үстеп қоректендіру, азықтандыру кешендері мен азықтандыру алаңдарын құру;
- 2) жасанды су айдындары мен суаттар құру;
- 3) қорғаныштық өсімдіктер отырғызу, жасанды ұялар салу жолымен аңшылық алқаптардың ұя салуға жарамды алаңдарын ұлғайту;
- 4) жыртқыш жануарлардың санын реттеп отыру;
- 5) жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру;
- 6) белгілі бір аумақта және белгілі бір мерзімге аңшылық шаруашылығы ұйымының шаруашылық қызметін шектеу;
- 7) жануарлар ауруларының алдын алу жөнінде іс-шаралар өткізу;
- 8) жануарларды қолда және жартылай ерікті жағдайларда өсіру;
- 9) жануарлар дүниесінің объектілерін жерсіндіру;
- 10) жыныс-жас құрамын реттеп отыру жолымен қол жеткізіледі.

15. Бекітіліп берілген аңшылық шаруашылықтарында жануарлар дүниесін молайту жөніндегі жұмыстардың тізбесі шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруда және аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарында көзделеді.

Аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарына түзету экономикалық құрамдас бөлік пен өңірлік жағдайлар өзгерген жағдайда қажеттілігіне қарай енгізіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.05.2021 № 140 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Бекітіп берілген аңшылық шаруашылықтарында жануарлар дүниесінің өсімін молайту жөніндегі іс-шараларды аңшылық шаруашылығы ұйымдары өз қаражаты есебінен жүргізеді.

6-тарау. Жануарлар дүниесін пайдалану

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Бекітіп берілген аңшылық шаруашылықтарында жануарлар дүниесін пайдалануды аңшылық шаруашылығы ұйымдары "Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 тіркелген) сәйкес атқарушы орган беретін рұқсаттардың негізінде жүзеге асырады.

18. Аңшылық шаруашылығы субъектілері квота шеңберінде жануарлар дүниесі объектілерін алу құқығына жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған сәттен бастап, ал басқа жеке және заңды тұлғалар - аңшылық шаруашылығы субъектілерінен жолдама алғаннан немесе олармен аң аулауға шарт жасасқаннан кейін ие болады.

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің м.а.
2015 жылғы 29 мамырдағы
№ 18-2/501 бұйрығына
қосымша

Аңшылық шаруашылықтарының санаттары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.05.2021 № 140 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	Аңшылық шаруашылығының алатын	Аң аулау объектілеріне жатқызылған мекендейтін	Аңшылық алқаптарды бекітіп берудің
--	-------------------------------	--	------------------------------------

Аңшылық шаруашылықтарының санаттары	алаңының нормасы (гектар)	жануарлар түрлерінің шекті мөлшері	ұсынылатын мерзімі (жыл)
1	2	3	4
1 санат	кемінде 5000	тұяқты жануарлар түрлері-кемінде 3, ұсақ және қанатты құстың түрлері - кемінде 5	49
2 санат	кемінде 15000	тұяқты жануарлар түрлері-кемінде 3, - ұсақ және қанатты құстың түрлері-кемінде 3	40
3 санат	кемінде 20000	тұяқты жануарлар түрлері-кемінде 2, ұсақ және қанатты құстың түрлері - кемінде 3	30
4 санат	кемінде 20000	тұяқты жануарлар түрлері-кемінде 1, ұсақ және қанатты құстың түрлері-кемінде 3	20
5 санат	кемінде 10000	ұсақ және қанатты құстардың түрлері кемінде - 3	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК